

Ақсу қаласы Достық селолық округі аумағында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің санын және бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 2014 жылғы 11 тамыздағы № 249 /36 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 9 қыркүйекте № 3999 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 2022 жылғы 1 маусымдағы № 170/23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту.** Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 01.06.2022 № 170/23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу" үлгі қағидаларын бекіту туралы" № 1106 қаулысына сәйкес, Достық селолық округінің ауыл тұрғындары жиындарының хаттамалары негізінде Ақсу қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Ақсу қаласы Достық селолық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.
2. Қоса беріліп отырған Ақсу қаласы Достық селолық округі аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасы бекітілсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік және жастар саясаты, зандалық және құқықтық тәртіп мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төраймы

Т. Носачева

Қалалық мәслихат хатшысы

М. Омарғалиев

**Ақсу қаласы Достық селолық  
округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу  
үшін ауылдар тұрғындары екілдерінің сандық құрамы**

№ р/н	Елді мекен атауы	Достық селолық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары екілдерінің саны (адам)
1.	Достық ауылы	20
2.	Парамоновка ауылы	20
3.	Тас құдық ауылы	2
4.	Төрт құдық ауылы	4
5.	Спутник ауылы	10
6.	Пограничник ауылы	15
7.	30 лет Октября ауылы	2
8.	Кіші Парамоновка ауылы	3

Ақсу қалалық мәслихатының  
2014 жылғы 11 тамыздағы  
№ 249/36 шешімімен  
бекітілді

**Ақсу қаласы Достық селолық округі аумағында  
бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің қағидалары Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" № 1106 қаулысына сәйкес әзірленген.

2. Достық селолық округі аумағындағы бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

**2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі**

3. Бөлек жиынды селолық округтің әкімі шақырады.  
Қала әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халықы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Бөлек жиынды өткізуді селолық округтің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында тиісті ауылдың қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды селолық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Селолық округтің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын қала мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны селолық округ әкімінің аппаратына береді.